

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті



«БЕКІТЕМІН»

Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ
ректоры, профессор

Б.А. Ердембеков

«28» ақпан 2018 ж.

Университет студенттері мен магистранттарына білім беру
қызметінің төлемақысы бойынша берілетін жеңілдіктер туралы
Е Р Е Ж Е

Ақтөбе - 2018

Бұл Ережені Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ректорының ресми рұқсатынсыз толығымен немесе ішінара көшіріп алуға, көбейтуге немесе ресми басылым ретінде таратуға болмайды.

Настоящее Положение не может быть полностью или частично воспроизведено, тиражировано или распространено в качестве официального издания без официального разрешения ректора АРГУ им. К.Жубанова

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер
2. 1 курс студенттері мен магистранттарына жеңілдік беру туралы
3. 2-4 (5) курс студенттеріне жеңілдік беру туралы
4. Қ.Жұбанов атындағы атаулы стипендиясының және Қ. Жұбанов атындағы білім грантының тағайындалуы және төленуі туралы

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Бұл Ереже дарынды жастарды марапаттау және әлеуметтік тұрғыдан әлсіз отбасылар ішінен шыққан, күндізгі оқу түрінде оқитын студенттер мен магистранттарға қолдау көрсету мақсатында әзірленген.

1.2 Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде талқылануы және бекітілуі тиіс.

1.3 Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ ректорының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.

1.4 Ереженің мемлекеттік білім гранттары негізінде немесе маман даярлауға тапсырыс берушімен жасалған келісім шарт бойынша білім алатын студенттер мен магистранттарға қатысы жоқ.

II. 1 КУРС СТУДЕНТТЕРІ МЕН МАГИСТРАНТТАРЫНА ЖЕҢІЛДІК БЕРУ ТУРАЛЫ

2.1 Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-не түсетін шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдеріне арналған жеңілдіктер

2.1.1 Шетелдердегі қазақ диаспорасының өкілдері Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-не ақылы оқу түріне қабылдау емтихандарынсыз әңгімелесу негізінде қабылдана алады.

2.1.2 Университетке қабылданған жағдайда 1-курста оқыған мерзіміне оқу ақысы алынбайды.

2.1.3 Осы 2.1.2-ші тармақ қабылданған тұлғаның кәсіпорындар мен мекемелермен тапсырыс беруші қаражаты есебінен маман даярлау туралы жасалған келісім шарттары болған жағдайға таралмайды.

2.1.4 Қазақ диаспорасының өкілдері Қазақстан Республикасының білім беру гранттарынан үміттене алады, бірақ ол үшін талапкерлер ҚР Білім және ғылым министрлігі өткізетін Кешенді Тестілеуге қатысулары тиіс.

2.1.5 Көші-қон қызметінде құжаттар дайындауға және медициналық сақтандыруды рәсімдеуге көмек көрсету.

2.2 Қазақстан Республикасының азаматтарына арналған жеңілдіктер

2.2.1 Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ағымдағы оқу жылының I жартыжылдығының оқу ақысынан толығымен босатылады.

2.2.2 Ағымдағы оқу жылының I жартыжылдығының оқу ақысын 50% төмендету мынадай студенттерге ұсынылады:

- I, II топ мүгедектеріне;

- ата-анасының біреуі ғана жұмыс жасайтын, үш және одан да көп бала тәрбиелеп отырған толық емес отбасынан шыққан балаларға;

- отбасында тағы бір студент Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-нің күндізгі бөлімінде ақылы түрде оқитын білім алушыға.

2.2.3 Оқу ақысын төмендету мынадай студенттерге қарастырылады:

а) мектептер мен колледждердің бітірушілері арасында бейінді пәндер бойынша өткізілген университеттік олимпиада жеңімпаздарына:

- 1 орын – ағымдағы оқу жылының I жартыжылдығы үшін төленетін оқу ақысынан 75% көлемінде;

- 2 орын – ағымдағы оқу жылының I жартыжылдығы үшін төленетін оқу ақысынан 50% көлемінде;

- 3 орын – ағымдағы оқу жылының I жартыжылдығы үшін төленетін оқу ақысынан 30% көлемінде;

б) «Алтын белгі» иегерлеріне (мемлекеттік грантқа ілікпеген) – 100 000 теңгеге;

в) колледжді үздік дипломмен бітіргендерге (мемлекеттік грантқа ілікпеген) – 50 000 теңгеге;

г) ҰБТ-да 125 және одан да көп балл жинаған жалпы білім беру мектептерінің түлектеріне – 75 000 теңгеге;

д) халықаралық және республикалық спорт жарыстарының және шығармашылық конкурстарының жеңімпаздары мен лауреаттарына:

- халықаралық деңгейде – 100 000 теңгеге;

- республикалық деңгейде – 75 000 теңгеге.

2.2.4 Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің балаларына оқу ақысы бойынша берілетін жеңілдіктер:

- штаттағы профессор-оқытушылар құрамының, оқу-қосалқы, әкімшілік-басқару және қызмет көрсету персоналының штаттағы қызметкерлерінің (университеттегі еңбек өтілі кемінді 3 жыл болуы тиіс) балаларына бірінші курстың оқу ақысы 100 000 теңгеге төмендетіледі.

2.2.5. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттардың оқу ақысы бойынша берілетін жеңілдіктер:

- жоғары оқу орындарын үздік дипломмен бітірген түлектерге 1 курста оқу ақысы 40 000 теңгеге төмендетіледі.

2.2.6 Университеттің оқу ақысы бойынша берілетін жеңілдіктерге жұмсалатын шығындары бюджеттен тыс қаражат есебінен жоспарланады.

2.3 Жеңілдіктер беру тәртібі.

2.3.1 Аталған жеңілдіктерді беру мәселесін қарастыру үшін ректордың бұрығымен университеттік комиссия құрылады.

2.3.2 Жеңілдіктерді беру рәсімі келесі кезеңдерді қамтиды:

а) жеңілдіктерге үміткер студент немесе магистрант 15 қыркүйекке дейін жеңілдіктер алу құқығын беретін төменде көрсетілген құжаттарды тіркей отырып, университет ректорының атына жеңілдіктер беру туралы өтініш жазады:

- жетімдер үшін: туу туралы куәлік пен ата-аналарының қайтыс болғандығы туралы куәліктерінің көшірмелері;

- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін: әкімдіктің оған қамқорлық тағайындау туралы қаулысының (шешімнің) көшірмесі;

- мүгедектер үшін: мүгедектік туралы куәліктерінің көшірмелері;
 - толық емес отбасылардан шыққан балалар үшін: ата-анасының біреуінің қайтыс болғандығы туралы куәліктің немесе некені бұзу туралы куәліктің, барлық кәмелетке толмаған (18 жасқа дейінгі) балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
 - «Алтын белгі» иегерлері үшін: орта білімі туралы аттестат көшірмесі;
 - колледжді үздік бітіргендер үшін: диплом көшірмесі;
 - ҰБТ-да 125 және одан да көп балл жинаған студенттер үшін: ҰБТ сертификатының көшірмесі;
 - біздің университеттің күндізгі бөлімінде ақылы түрде 2 студент баласы оқитын отбасылар үшін: студенттерге қызмет көрсету орталығының екі студентке берген анықтамалары және екі студенттің де туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
 - олимпиадалар, спорт жарыстары мен шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары үшін: дипломдар;
 - оқытушылар мен қызметкерлердің балалары үшін: ата-анасына (ларына) жұмыс орнынан берілген анықтамалар, туу туралы куәліктің көшірмесі;
 - магистранттар үшін: жоғары білімі туралы дипломның көшірмесі.
- б) студент қажет құжаттары тігілген өтінішті деканатқа, ал магистрант жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне тапсырады;
- в) ұсынылған құжаттарды тексергеннен кейін факультет деканаты немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі 20 қыркүйекке дейін оларды университеттік комиссияға тапсырады;
- г) университеттік комиссияның 1-курс студенттері мен магистранттарына жеңілдіктер беру туралы шешімі 1 қазанға дейін университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылады;
- д) Ғылыми кеңес шешімінің негізінде ректордың жеңілдіктер беру жөніндегі бұйрығы шығарылады.

2.3.3 Білім беру қызметіне жеңілдіктер беру туралы бұйрықтың көшірмелері факультеттер деканаттарына, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне және университеттің есеп бөліміне жіберіледі.

2.3.4 Факультет декандары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінің бастығы студенттер мен магистранттарды ректордың бұйрығымен қол қойдыра отырып таныстырады.

III. 2-4 (5) КУРС СТУДЕНТТЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР БЕРУ ТУРАЛЫ

3.1 Оқу ақысынан жетімдер, ата-анасының қомқорынсыз қалған балалар, университет, республика деңгейлеріндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарына, қоғамдық өмірге белсене қатысатын оқу озаттары (ГРА-сы кемінде 3,95) толық босатылады.

3.1.1 Жетім балалар туу туралы куәліктің, ата-анасының қайтыс болғандығы (немесе із-түссіз жоғалды деп саналғандығы) туралы куәліктің көшірмелерін, транскрипт тапсырады.

3.1.2 Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар атқарушы органның оларға қамқоршы тағайындау туралы шешімінің көшірмесін, транскрипт тапсырады.

3.1.3 Оқу озаттары транскрипт, халықаралық және жоо-аралық ғылыми конференцияларға және университеттің қоғамдық өміріне (соңғы күнтізбелік жыл ішінде) қатысқандығын растайтын құжаттар, отбасы туралы анықтама тапсырады.

3.2 оқу ақысынан 50% шегерім жасау түріндегі жеңілдік мыналарға беріледі:

- I және II топтардағы мүгедектерге:

- факультет деңгейіндегі студенттік өмірде белсенділік көрсеткен оқу озаттарына (GPA-сы кемінде 3,85);

- 22 жасқа дейінгі кемінде 3 бала тәрбиелеп отырған толық емес отбасылардан шыққан «үздік» және «жақсы» оқитын білім алушыларға;

- Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-де кемінде 2 баласы ақылы бөлімде оқитын отбасынан шыққан, негізінен «үздік» және «жақсы» оқитын студенттерге.

3.2.1 I және II топ мүгедектері мүгедектік туралы куәліктер, транскрипт, отбасы құрамы туралы анықтама тапсырады.

3.2.2 Толық емес отбасы болып отбасында ата-анасының біреуі ғана бар отбасы саналады. 22 жасқа дейінгі балалар санына өз отбасыларын құрған ағалары мен апалары жатпайды.

3.2.3 Толық емес отбасынан шыққан студенттер бір ата-анасының қайтыс болғандығы туралы немесе некені бұзу туралы куәліктерінің көшірмелерін, отбасындағы 22 жасқа дейінгі барлық балалардың туу туралы куәліктерін, отбасы құрамы туралы мекенжай анықтамасын, транскрипт тапсырады.

3.3 Оқу ақысын шегеру түріндегі жеңілдіктер университет әкімшілігінің тапсырысы бойынша белгілі бір оқу-қосалқы жұмыс түрлерін (дизайнерлік, безендіру, жарнамалық, компьютерлік бағдарламалық жасақтама және т.б.) орындайтын үлгерімі жақсы студенттерге берілуі мүмкін. Шегерім мөлшері университет әкімшілігінің тапсырмасы бойынша орындаған нақты жұмыс көлемімен анықталады. Бұл жағдайда студенттерге жалақы төленбейді. Шегерім келісім шартқа сәйкес бір немесе екі академиялық кезеңге беріледі.

3.3.1 Аталмыш категориядағы студенттер университет әкімшілігімен жасалған келісім көшірмелерін, орындалған жұмыстар (немесе жұмыс бөлігі) туралы акт, транскрипт тапсырады.

3.4 Оқу ақысына берілетін біржолғы жеңілдікті шегерімдер ҚР Білім және ғылым министрлігі немесе мемлекетаралық ұйымдастыру комитеттерінің аясында өткізілген халықаралық және республикалық студенттік пәндік олимпиадалар жүлдегерлеріне (1,2,3 орын), олимпиадалық спорт түрлері бойынша өткізілген халықаралық және республикалық чемпионаттарда жеке есепте жүлдегер атанғандарға, сонымен қатар ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан немесе халықаралық федерациялар мен мемлекетаралық

конкурстар аясында өткізілген өнер саласындағы конкурстардың жүлдегерлеріне беріледі.

3.4.1 Жылдық оқу ақысына біржолғы шегерімдердің келесі мөлшерлері белгіленеді:

а) халықаралық және республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздарына:

- бірінші орын үшін – 150 000 (жүз елу мың) теңге;
- екінші орын үшін – 120 000 (жүз жиырма мың) теңге;
- үшінші орын үшін – 80 000 (сексен мың) теңге.

б) спорт және өнер саласындағы халықаралық және республикалық чемпионаттар мен конкурстар жеңімпаздарына:

- халықаралық деңгейдегі жүлделі орын – 150 000 (жүз елу мың) теңге;
- республикалық деңгейдегі жүлделі орын – 100 000 (жүз мың) теңге.

3.4.2 халықаралық және республикалық студенттік пәндік олимпиадалардың, спорт және өнер саласындағы халықаралық және республикалық чемпионаттар мен конкурстар жеңімпаздары жүлделі орын үшін берілген дипломдарын, транскриптер тапсырады. Есепке алынатын - соңғы күнтізбелік жыл ішіндегі жетістіктер (I жартыжылдықтағы құжаттарды қарастыру кезінде 1 қыркүйек пен 31 тамыз аралығы, II жартыжылдықтағы құжаттарды қарастыру кезінде 1 ақпаннан 31 қаңтарға дейінгі аралық).

3.4.3 онлайн режимінде және сырттай түрде өткізілген олимпиадалар мен конкурстарға 3.4. тармағында көрсетілген жеңілдіктер таралмайды.

3.4.4 Студенттердің осы Ережеде қарастырылған жеңілдік түрлерінің біреуін алу құқығы бар.

3.4.5 Осы Ереже атаулы стипендиялар, соның ішінде Президенттік стипендия иегерлеріне, сонымен қатар облыс әкімі стипендияларының иегерлеріне таралмайды.

3.4.6 Студенттерге Ғылыми кеңес шешімімен осы Ережеде ескерілмеген басқа да елеулі жетістіктері үшін оқу ақысы бойынша жеңілдіктер берілуі мүмкін.

3.5 Жеңілдіктер беру рәсімінің тәртібі

3.5.1 Студенттердің белгілі бір категориясына жеңілдіктер беру туралы мәселе қарастыру үшін ректордың бұйрығымен университеттік комиссия құрылады.

3.5.2 Жеңілдіктер беру рәсімі үш кезеңді қамтиды:

а) факультет декандары студенттерді осы Ережемен таныстырады, студенттердің жеңілдіктерге құқық беретін сәйкес құжаттарын қосып тіркеген университет ректорының атына жазылған өтініштерін қабылдайды, студенттер өтініштерін факультет кеңесінде қарастырып, университеттік комиссияға I жартыжылдық бойынша 15 қыркүйекке дейін, II жартыжылдыққа 1 ақпанға дейінгі мерзім ішінде негіздемеленген шешімдер ұсынады;

б) университеттік комиссия факультет кеңестерінің шешімдерін қарастырып, университеттің Ғылыми кеңесінің отырысына I жартыжылдық

бойынша 1 қазанға, II жартыжылдыққа 15 ақпанға дейінгі мерзім ішінде негіздемеленген шешімдер ұсынады;

в) Ғылыми кеңес шешімі ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.5.3 Білім беру қызметіне жеңілдіктер беру туралы бұйрықтың көшірмелері факультеттер деканаттарына, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне және университеттің есеп бөліміне жіберіледі.

3.5.4 Факультет декандары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінің бастығы студенттер мен магистранттарды ректордың бұйрығымен қол қойдыра отырып таныстырады.

IV. Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ ЖӘНЕ Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ БІЛІМ ГРАНТЫНЫҢ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ МЕН ТӨЛЕНУІ ТУРАЛЫ

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ білім алушыларына Қ.Жұбанов атындағы атаулы стипендиясын тағайындау, төлеу ережелерін және оның мөлшерін реттейді.

4.1.2 Қ.Жұбанов атындағы атаулы стипендиясын тағайындау:

- білім алушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыруға;
- дарынды және талантты жастарды марапаттауға;
- қоғамның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға ықпал етуге;
- білім алушылардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуге бағытталған.

4.1.3 Білім алушылар болып күндізгі оқу түрінде оқитын студенттер, магистранттар мен докторанттар саналады.

4.1.4 Қ.Жұбанов атындағы атаулы стипендия тағайындау туралы шешім Ғылыми кеңестің шешімімен қабылданып, университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.1.5 Қ.Жұбанов атындағы атаулы стипендияның бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша саны әр оқу жылы университет ректорының бұйрығымен анықталады.

4.2 Атаулы стипендияларды тағайындау және төлеу тәртібі

4.2.1 Атаулы стипендия тағайындауға мынадай білім алушылар үміткер бола алады:

- оқу, ғылыми-зерттеу және қоғамдық қызметте елеулі жетістіктері бар білім алушылар;
- халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалардың, спорт шараларының, шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары (жүлдегерлері);
- халықаралық басылымдарға шыққан ғылыми жарияланымдардың, зерттеулердің, енгізілген Start-up жобаларының авторлары;
- профессор Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасын зерттеушілер.

4.2.2 Атаулы стипендияға 2-ші және одан кейінгі курстарда оқитын білім алушылар үміткер бола алады.

4.2.3 Үміткерлерді бастапқы іріктеу факультеттер мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі тарапынан жүргізіледі.

4.2.4 Үміткерлерді іріктеу барысында бірдей жағдайда тұрғандар ішінен жетімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, бала жасынан мүгедек жандар, I және II топтардағы мүгедектерге басым құқық беріледі.

4.2.5 Атаулы стипендияға үміткерлер факультет деканаттарына немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне өтініш береді, сонымен бірге мынадай құжаттар тіркейді:

- транскрипт көшірмесі;
- осы Ереженің 4.2.1. тармағында көрсетілген қызмет бағыттары бойынша жеткен жетістіктерін растайтын құжаттар;
- жетімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мен мүгедектер үшін ата-аналарының қайтыс болғандығы туралы куәліктер, туу туралы куәліктер, атқарушы органдардың қамқоршы тағайындау туралы шешімдері.

4.2.6 Факультеттер мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі тарапынан берілген негіздемеленген шешімдер университеттің Ғылыми кеңесінде қаралады, ол атаулы стипендия тағайындау туралы соңғы шешім қабылдайды.

4.2.7 Атаулы стипендия бір академиялық кезеңге, оның басталуынан 2 аптадан бұрын мерзімде тағайындалады.

4.2.8 Атаулы стипендия мемлекеттік грант негізінде оқитындарға да, ақылы түрде оқитын білім алушыларға да тағайындала береді.

4.2.9 Атаулы стипендия бір білім алушыға бірнеше мәрте тағайындалуы мүмкін.

4.2.10 Мемлекеттік стипендия иегері болып табылатын білім алушыға атаулы стипендия тағайындалған жағдайда мемлекеттік стипендия төлеу тоқтатылады.

4.2.11 Атаулы стипендия білім алушылардың сәйкес категориясының (бакалавриат, магистратура, докторантура) ең төменгі мемлекеттік стипендия мөлшерінің 50%-ға артқан көлеміндегі мөлшерде белгіленеді.

4.2.12 Атаулы стипендия ай сайын бюджеттен тыс қаражат есебінен төленеді.

4.3. Стипендия төлеу шешімін жою

4.3.1 Атаулы стипендия төлеу туралы шешімді жоюға мыналар негіз болады:

- білім алушылардың өтініш беру кезінде ұсынған құжаттары дерексіздігінің анықталуы;
- аралық бақылау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алуы;
- басқа мамандыққа немесе оқу түріне ауысуы;
- академиялық демалыс немесе бала күтіміне берілген демалыс рәсімдеуі.

4.3.2 Атаулы стипендия төлеуді жою туралы шешім факультеттің немесе жоғары оқу орнынан кейінгі бөлімнің ұсыныстарына сәйкес университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

4.4 Білім грантын беру тәртібі

4.4.1 Білім грантына үміткер болып табылатын білім алушылар:

- халықаралық және республикалық деңгейде университеттің имиджіне оң ықпал ететін оқу, ғылыми-зерттеу және қоғамдық салада жоғары дәрежеге қол жеткізген;

- әлем, Еуропа және Азия чемпионы атақтарының иегерлері, дәстүрлі спорт түрлерінен әлем, Еуропа, Азия рекордын орнатқан;

- халықаралық шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары (1-орын).

4.4.2 Білім грантына барлық курс білім алушылары үміткер бола алады.

4.4.3 Білім грантына тағайындалатын үміткерлерді іріктеуді үміткерлер өз жетістіктерін растайтын құжаттарды тапсырған білім беру қызметтерін төлеу үшін жеңілдіктер беру жөніндегі университеттік комиссия жүзеге асырады.

4.4.4 Дәлел қорытынды университеттің Ғылыми кеңесінде қаралып, ректордың бұйрығымен ресімделеді.

4.4.5 Білім гранты белгілі бір оқу жылына немесе барлық оқу кезеңіне (сабақ үлгерімі «жақсы» және «өте жақсы» болған жағдайда) тағайындалуы мүмкін.

4.4.6 Қ.Жұбанов атындағы білім грантының иегеріне ректордың қолы қойылған сертификат беріледі.

4.4.7 Қ.Жұбанов атындағы білім гранты білім алушыны грант тағайындалған оқу кезеңінің білім беру қызметтерінің ақысынан босатады.

4.4.8 Тағайындалған білім гранты академиялық демалыс немесе академиялық қарыз болған жағдайда ректордың бұйрығымен күшін жояды.